АКАДЕМИК
ТОҚМҰХАМЕД СӘЛМЕНҰЛЫ САДЫҚОВТЫҢ ОТБАСЫНА

Бүкіл саналы ғұмырын білім мен ғылымға арнаған, ұзақ жылдар ұстаздық жасаған көрнекті ғалым, академик Тоқмұхамед Садықов сынды тұлғаның жарқын бейнесін сағынышпен еске аламыз. Ол кісімен көзі тірісінде жиі араласып, еліміз Тәуелсіздігінің алғашқы жылдары Қазақстанның болашағы туралы сырласып, пікірлесуші едік. Қоғам қайраткері, ірі ғалым, ел таныған азамат дүниеден өткеніне тоғыз жыл өтсе де оның жасаған еңбектері, еліміздің өркендеуіне қосқан сүбелі үлесі санамызда сайрап тұр. Т. Садықовтың жасаған қыруар еңбектері, ғылымға қосқан үлесі, өткен ғибратты өмірі бүгінгі жастарға үлгі болып қала береді. Бақыт іздеген адам - білімге, байлық іздеген адам — ғылымға ұмтылса ғана мақсатына жетеді. Міне, осындай ұстанымды алдына үлкен мақсат етіп қоя білген академик Тоқмұхамед Садықов сынды қайраткер кейінгі ғылым құған жастарға өзінің өмірін өнеге етіп қалдырды.

Ол еліміздегі білікті ғалым, қоғам қайраткері ретінде тек білім беру мен ғылым саласында ғана еңбек етіп қоймай, сонымен қатар қоғамдық, саяси істерге де белсене араласты. Жоғары оқу орындарындағы өзекті де келелі мәселелердің оң шешілуіне атсалысты. Президент сайлауында штаб жетекшісі, Парламент Мәжілісінде сайлауалды шараны басқаруы, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының Саяси Кеңес Бюросының мүшесі болуы, өмірінің соңына дейін Тоқмұхамед Сәлменұлы партияның Алматы қаласы филиалы жетекшілерінің бірі ретінде қызмет атқаруы оның өнегелі өмірінің жарқын белгісі.

Көрнекті ғалымның, айтулы қоғам қайраткерінің еліміз алдындағы ерен еңбектері көптеген мемлекеттік орден-медальдармен марапатталды. Ғалым сондай-ақ, бірқатар халықаралық наградалардан да кенде емес. Біз ең алдымен, Тоқмұхамед Садықовты ірі педагог әрі ғалым ретінде құрметпен еске аламыз. Ол мыңдаған шәкірт, жүздеген ғалым тәрбиелеп шығарған бақытты ұстаз болды.Тоқмұхамед Сәлменұлы еліміздің өсіп-өркендеуі үшін сіңірген еңбегі ұшан-теңіз, азаматтық тұлғасы биік, іскер ғалым ретінде әлі де жастарға, халқымызға берері мол еді. Алайда тағдырдың жазған ісіне не істерсің. Оның ісін жалғастырушы кейінгі ұрпақ, отбасы аман болсын.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институтының директоры,
саяси ғылымдарының докторы, профессор А. Бижанов